

DOI 10.53364/24138614_2022_27_4_57
ӘОЖ 821.512.122.0: 94

Батырбаева М.А.

Азаматтық авиация академиясы, Алматы қ., ҚР.

E-mail: meru777@inbox.ru

1929-1933 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚАСІРЕТІ
ТРАГЕДИЯ КАЗАХСКОГО НАРОДА В 1929-1933 ГОДАХ
THE TRAGEDY OF THE KAZAKH PEOPLE IN 1929-1933

Аңдатпа. Аталмыш мақалада қазақ халқының басына түскен нәубет жылдары, бөліп ал да билей бер саясаты, әкімшіл-әміршіл жүйенің, тоталитарлық режимнің салдарынан туындаған аштық, қуғын-сүргін, халықты қудалау, себепсіз жазғырудың жолдары мен салдары туралы айтылады. Халық наразылықтары мен ұлт зиялылары мен ұлт жанашырларының жан айқайлары т.с.с. мәселелер қозғалады. Күштеп ұжымдастырудың, репрессияның халық тағдырына әкелген зардабы туралы сөз қозғалады.

Түйін сөздер: қуғын-сүргін, аштық, геноцид, этноцид, халық санағы, интеллигенция.

Аннотация. В этой статье рассказывается о трагедии казахского народа в 20-30-х годах XX века, о репрессивных мероприятиях, раскулачивании, гонении народа. Последствия политики «разделяй и властвуй». Протесты и недовольство простого народа. Говорится о влиянии насильственной коллективизации и репрессии на судьбы людей. Борьба казахской интеллигенции других ученых за целостность государства и др.

Ключевые слова: репрессия, голод, геноцид, этноцид, перепись населения, интеллигенция.

Annotation. This article tells about the tragedy of the Kazakh people in the 20-30s of the twentieth century, about repressive measures, dispossession, persecution of the people. Consequences of the "divide and rule" policy. Protests and discontent of the common people. It is said about the impact of forced collectivization and repression on the fate of people. The struggle of the Kazakh intelligentsia of other scientists for the integrity of the state, etc.

Keywords: repression, famine, genocide, ethnocide, population census, intelligentsia.

Әкімшіл-әміршіл жүйенің қылышынан қан тамып тұрған шағында, коммунистік идеологияның үстем еткен КСРО кезеңінде ашаршылық, репрессия, қудалау т.с.с. тақырыптар мүлдем зерттелмеді болмаса зерттеуге тыйым салынды десек те болады. Мұндай ақтаңдақтар кешегі XX ғасырдың соңғы ширектерінде ашыла бастады. Манаш Қозыбаев бастаған Кеңес Нұрпейісов, Мәліқайдар Асылбеков, Мақаш Тәтімов, Мәмбет Қойгелді, Талас Омарбеков, Жұлдыз Абылғожин, Қайдар Алдажұманов, Бүркітбай Аяған, Хангелді Әбжанов сынды ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстары тарих ғылымын қайта қарастырып, жана тың жолды болашақ тарих үшін салып берді.

Отандық тарихты зерттеудегі өзекті мәселелерді қарастыру барысында деректерді, құжат материалдарын қолдану, тарихымыздың «Ақтаңдақтарын» (Белые пятна) зерттеуде алатын орны ерекше. Солардың ішінде ерекше атап өтетін кезең, тарихымызда үлкен трагедия, зобалаң алып келген – Қазақстандағы ұжымдастыру жылдары. Бұл кезеңдегі басты назар аударатын жәйт бұл – күштеп отырықшыландыру, көшпелі халықты тіршілік көзінен айыру,

«Бөліп ал да билей бер» принципі салдарының қандай болғанын тарихтан жақсы білеміз, ол – жаппай аштық, «геноцид», халықты қолдан қыру.

1992 жылы қыркүйек-қазан айларында өткен Дүниежүзі қазақтарының құрылтайында қазақ диаспорасы күштеп ұжымдастыруды, большевистік саясатты, жаппай репрессия саясатын қатаң түрде сынаған болатын.

Сол кезде Түркиядан келген қазақ диаспорасының ақсақалы Халифа Алтай, бұл қасіретті кезеңді – «қызыл табан шұбырынды» деп баға берген болатын [1].

Атап айтатын жайт, XX ғасырдың 20-30жылдары қазақ жерінде болған трагедия кейбір ғалымдардың пікірінше – «Голощекиндік геноцид», немесе «этноцид» деп атауға келеді [2].

Ұжымдастыру саясатының нәтижесінде негізінен қазақ халқының қырылғанын ескерсек, большевиктердің бұл саясатын «қазақцид» деп те атауға болады [3]. Басқа да ұлт өкілдері зардап шекті, алайда көшпелі және жартылай көшпелі қазақ шаруаларына жасалған қастандықты басқаша атау мүмкін емес. Атап айтсақ, 1930-33 жылдары қазақ жерінде аштықтан 49% қазақтар, 11% украиндықтар (Қазақстандық тұрғындар), 6% орыстар, 8% өзбек ұлты, 13% ұйғырлар, 10% татарлар, 11% немістер, 12% мордавандар, 10% белорус, 25% қырғыз, 10% дүнгендер қайтыс болған [4]. Мұндай қорқынышты мәліметтер тек қазақ халқы ғана емес, басқа да ұлт өкілдерінің қырылғанын көрсетеді. Алайда, халқының жартысы (49%) қырылған трагедия адамзат тарихында жоқтың қасы.

Архив деректерінің көрсетуінше, 1930-33 жылдары халық санының 3 млн 379,5 мың адамға кемігендігін көреміз (негізінен қазақ халқы). 1926 жылы өткен Бүкілодақтық халық санағының мәліметінше қазақтардың 98,1 пайызы ауылды жерде тұрған.

1887, 1926, 1937, 1939 жылдарда өткізілген халық санақтарының мәліметтеріне сүйенетін болсақ, және де Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің архивтерінен алынған ақпараттар бойынша күштеп ұжымдастыру жылдарында 80 мыңға жуық қазақ халқы сол кездегі КСРО территориясынан сырт асып көшіп кеткен [5]. Оның ішінде 7 мыңға жуығы көршілес Қытай еліне қоныс аударған. Сонымен қатар, бірнеше мың қазақ көрсетілген жылдары Ауғанстан және Иран жерлеріне Батыс Қазақстан өңірінен Түрікмения және Тәжікстан арқылы, сол жерлерге мәжбүрлі түрде қоныс аударған.

Күштеп ұжымдастыру, конфискациялау - тәркілеу жылдарында шаруаларға қатысты репрессия одан ары күшейді. Аталған кезеңдегі әлеуметтік-саяси іс-шаралар кезінде 165 мыңнан астам шаруалар репрессияға ұшыраған [6]. Осы аталған уақыттарда Кеңес үкіметі мен Коммунистік партияның әрбір шығарған заңдары мен үкім-бұйрықтары репрессияның жаңа толқынын туындатып, халықтың үрейін тудырып отырды.

Жазалаудың, қудалаудың өркендеп тұрған шағында түрлі айыптаулардың нәтижесінде талай жазықсыз жандар жазаланып, атылып, жер аударылып, концлагерьлерге қамалғаны белгілі. Тіпті ең сорақыларының бірі – аштықтан қырылған халық масақ тергені үшін де сотталып, концлагерьлерге жабылып, жер аударылып кеткендер болған. 1932 жылы 7 тамызда «Об охране имущества государственных предприятий и колхозов и коопераций и укреплении общественной социалистической собственности» деген заң шыққан болатын. Басқаша айтқанда, социалистік меншікті қорғау туралы қаулы. Сол заң бойынша масақ теріп, комбайн, тракторлардан қалған егіндерді жинаған үшін қылмыстық іс қозғалып, 10 жылға дейін сотталып, жер аударылған фактілер көптеп кездеседі. Және де өте қатты қынжылтатын тағы бір жайт, осы заңға байланысты ату жазасы болған, 1 жылдың ішінде Қазақстанда 33345 адам сотталған [7].

XX ғасырдың 20 – жылдарының аяғында елдің дамуы бағытында 2 бағыттың болғаны зерттеушілерге белгілі. Біріншісі – бухариндік топ (Н.И. Бухарин, А.Н. Рыков, М.И. Томский) экономикалық дамуда нарықтық механизмнің шешуші рөл атқаратындығын мойындаса, екіншісі – сталиншілдер: В.В. Кубышев, В.М.Молотов, А.А. Андреев, Л.М.Каганович, С.М.Киров, А.И. Микоян, Г.К. Орджоникидзе т.б. келе жатқан тоталитарлық режимнің жетекшілері.

Сталиншілдердің пайымдауынша, «жарқын болашақ» үшін, партиялық-мемлекеттік жүйенің сақталуы мен нығаюы үшін көптеген құрбандықтарға баруға болады және ол қажет.

Алғашқы бухариндік топты сол кездегі ірі экономисттер: Н.Д. Кондратьев, Н.П. Макаров, В.В. Новожилов, А.В. Чайнов, Л.Н. Юрьевский сияқты ғалымдар құрады.

Алаш ұлттық интеллигенциясы Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, А.Ермеков М.Дулатов т.б. ұлт жанашырлары бастаған топ Қазақстан жерін сақтауды, тәуелсіздік үшін күрескені тарихтан белгілі. Сонымен қатар, басқа да ұлттық қасіретке жаны ашыған, елдің амандығын ойлаған адамдар да болды. Олар ғалымдар, сол кездегі түрлі экспедициялардың мүшелері, түрлі жаламен елге айдалған «басқаша ойлайтындар», мемлекеттік басқару, ауыл шаруашылық салаларында еңбек еткен өкілдер де алашордашылардың пікірлерімен келісіп отырды. Олар: Швецов, Налимов, Вернер, Рыбников сынды т.б. профессорлар болды. Орталық Қазақстанды зерттеген экспедиция жетекшісі, профессор С.П.Швецов 1926 жылы былай деп жазған болатын: «Қазақстандағы көшпелі шаруашылықты жою, ол – тек дала мал шаруашылығының жойылуы ғана емес, қазақ шаруашылығының жойылуы, қазақ даласының құрғақ, адамы жоқ шөлге айналуы» - деген болатын [8].

1928 жылдың қаңтар айынан бастап-ақ саяси бюроның орталық комитеті бүкіл ел бойынша «шұғыл» әкімшілік-мәжбүрлеу іс-шараларын жүргізу туралы шешім қабылдап қана қоймай, бидай өнімдерін тәркілеуді де қатаң бақылауға алған болатын.

Сталинистер бас тартып, қарсы пікір білдіргендерден мемлекеттік баға бойынша нан өткізулерін талап етті. Осылайша құқық қорғау органдары орталықтың Мәскеудің нұсқауымен жабық циркуляциялық бұйрықтар арқылы сот жауапкершілігіне тартып, түрлі қылмыстық кодекстер арқылы тергей бастады. Олар шаруалардың барлық әлеуметтік топ өкілдерін қалағандарынша тергуге алды.

Сот органдарымен қатар, ОГПУге қарайтын «үштіктер» күштеп репрессиялаумен қатар, қаруланған коммунистік отрядтар елдің әбден берекесін кетірген. Казрайкомның құпия мәліметтеріне сүйенсек, тек 1929 жылдың 15 желтоқсанына дейін нан өндіру саласы бойынша 30800 адам қуғын-сүргінге ұшыраған. Ал 1928 жылдың 1 – қазанынан 1929 жылдың 1-желтоқсанына дейін 125 адам ату жазасына кесілген.

Күштеп ұжымдастыру, тәркілеу және мал-мүлкінен айыру жылдарында шаруаларға қатысты репрессия күшейгеннің үстіне күшейіп отырды. Жоғарыда аталған әлеуметтік-саяси кампания жылдарында республика бойынша қуғын-сүргінге ұшыраған шаруалар саны 165 мыңнан асып жығылған.

Әр түрлі жалалар, қудалаулардың тағы бір түрі – «Рысқұловщина», «Сәдуақасовщина», «Қожановщина» деген атаулармен бас көтерген, шындық айтқан, шырылдаған интеллигенцияны, ғалымдарды жазалап, атып, жер аударып отырған. Голощекин басқарған ұжымдастыру жылдарында 1931-1933 жылдары 40 млн бас малдан 4 млн басқа дейін кеміп кеткен. 36 млн бас жоқ. Бұл қалай болды десек, Қазақстан Солтүстік Кавказ, Орта Азия қалаларын, Сібір, Орталық Европа қалаларын етпен асыраған. 36 млн бастың 9 млнын ғана Қазақстан тұтынған да, қалған 27 млн бас мал ет болып жоғарыда аталған аймақтарға жөнелтіліп отырған.

Экспроприация және ұжымдастыру жылдарында ОГПУ Гулагтардың арнайы қоныс аударушыларынан 46091 отбасы немесе 180015 адам елден жер аударылып жіберілген [9]. Большевиктердің аяусыз күштеу, зорлық-зомбылық арқылы жүргізген әлеуметтік-саяси саясаты, халықты қуғын-сүргінге ұшыратуы, тек бай шаруалардың ғана емес, қарапайым шаруалардың да наразылығын тудырды. Басқаша болуы мүмкін емес еді, өйткені халық әбден ашынды, ашықты, тұтықты. Шаруалардың алғашқы толқулары 1929 жылдың күзінде Қарақалпақ автономдық облысындағы (ол кезде Қазақстан құрамына кіретін) Бостандық, Батпақ қара, Тақтакөпір аудандарында болды. Олардың артынан Созақ, Ырғыз аудандарында, Арал маңындағы Қарақұмда, Сарқанд, Өскемен, Зырянск, Арал, Балқаш, Қастек, Қордай,

Шыңғыстау, Шұбартау аудандарында, Адай жерлерінде шаруалардың толқулары болып өтті [10].

Ф.Голощекин ОГПУ мәліметтеріне сүйеніп жазған Сталинге жабық хатында (1931 желтоқсан) соңғы 2 жылда Қазақстанда 15 ірі бандиттік көтерілістер болды деген мәліметтер келтіреді (халық наразылығын солай атап көрсеткен). Ол толқуларға 34 мыңға жуық адам қатысқан.

1929-1931 жылдары ел территориясында 372 халық наразылықтары мен толқулары болған екен. Олар қызыл әскердің күштерімен аяусыз басылып-жаншылып отырған. Тек Созак, Ырғыз, Сарқанд, Өскемен, Зырянск жерлеріндегі қақтығыстарда 1000 нан аса адам қазақ тапқан.

30-шы жылдардың басында аштан бұралған алғашқы босқындардың пайда болуы мен үдеп келе жатқан аштық күйзелістері жайында жер-жерден жекелеген азаматтар Мәскеуге, Алматыға жеделхаттар жөнелтті. Ф.Голощекиннің атына 1932 жылғы 4 шілдеде өлкекомның жауапты қызметкері Ғабит Мүсірепов, Қазмембапа меңгерушісі Мансұр Ғатаулин, Комвуз басшылары Мұташ Дәулет-ғалиев пен Емберген Алтынбеков, Госпланның сектор меңгерушісі Қадыр Қуанышев қол қойған «бесеудің хаты» түсті. Хатта ауыл шаруашылығындағы құлдырау деректері келтірілді (1930 жылғы 40 миллион бас малдан 1932 жылы 5 миллион ғана қалған еді). Қазақтар арасында аштан өлудің тым көбейіп кеткені және осынша мүшкіл халге «солшылдық» асыра сілтеулер мен Қазөлкекомның қате саясаты жеткізгені айтылды [11].

Жазушы Смағұл Елубай «Алматы ақшамы» газетіне берген сұхбатында жан түршіктіретін деректер келтіреді. «Маған бір оқиғаны марқұм Молдабай Әбдіров деген ақсақал айтып еді: «ҚазПИ-де студент едік. Институт залының президиумында Голощекин бастаған республика басшылары: «Бес жылдықтың жоспары керемет орындалды. Ура-ура! Жасасын, коммунистік партия!» деп айғай салып, ұрандатып отырды. Күн ыстық болғандықтан, залдың есігі ашық тұрған еді. Жиналысқа қатысып отырған студенттер ашық тұрған есіктің ар жағындағы жолда аштықтан бұралып, құлап жатқан қазақтарды көріп, жылап отырдық. Мыналар неткен көрсоқыр, қаныпезерлер еді», деп жылап отырдық» дегені есте. Міне, осы бір эпизодтың өзі Голощекин басқарған саясаттың қазаққа қарсы бағытталған қылмыстық, шовинистік сипатын көрсетеді. ... Тоболин деген комиссардың бір үлкен жиында: «Қазақ – көшпелі халық. Олардың тұрмыстық деңгейі социалистік құрылысқа келмейді. Сондықтан олардың жойылуы тарихи заңдылық», – деп ашықтан-ашық мәлімдеуі сол қылмыстық саясаттың көрінісі [12].

... ҚазПИ-дің алдында қазіргі Панфиловшылар саябағы тұр ғой. Сол саябақта болған бір оқиғаны Мәриям Хакімжанова апамыз өз естелігінде: «1932 жылы біз техникумның студентіміз. Түні бойы аштан өлген адамдар паркте, қала көшелерінде жиналып қалады. Таңғы алакеуімде студенттерді шығарады. Біз өліктерді арбаға тиіп алып, қаланың сыртындағы сайға апарып төгіп тастаймыз. Студенттердің күнделікті жұмысы осылайша қаланы аштан өлгендерден тазарту болды. Бір күні қыздар болып, өліктерді арбаға тиіп жүргенімізде паркте ағашқа арқасын сүйеп, тіп-тік бір ірі шал отырғанын көрдік. Басында тұмақ, үстінде белін буып алған тон. Өзі қимылсыз. Біз өліктерді жинап жүргендіктен, тірі отырған адамды көріп шошып кеттік. Жақындап келіп қарасақ, өліп қалыпты. Үңіле қарағанымызда, бір қолында қысып ұстаған домбырасы, екінші қолын кеудесіне қысып ұстаған екен, тонның ішкі жағынан кішкене нәрестенің басы қылтияды. Ол да өліп қалған. Яғни аштық меңдеген шал тік отырып өліп кеткен», – деп жазады. [13]

Қорыта келе шабындық және егістік жерді қайта бөлу, тәркілеу, азық-түлік салығы, күштеп отырықшыландыру мен ұжымдастыру барысындағы зорлық-зомбылықтардан көп азап шеккен ең алдымен қазақ халқы болды. Бар дүниесінен, мал-мүлкінен, құрал-саймандарынан, тіпті жертөлесінен де айырылған қазақтар ашаршылыққа ұшырап, босқын күйге көшті. Бұл қазақ халқының тарихындағы ең нәубет, қасіретті кезеңдердің бірі болды. Голощекиндік геноцид тоталитарлық жүйенің Қазақстанға жасаған эксперименті іспеттес болды, нәтижесінде халық қырылып, босқынға ұшырап, жалпы ел экономикасына үлкен зарар

келген расымен де этноцидтік саясат болды. Коммунистік партияны Талас Омарбеков ағамыз айтпақшы қылмыстық партия десек те болады, өйткені олардың қазақ жұртына жасаған адам шошырлық саясаттары ешқандай ақтауға, түсіндіруге келмейді....

31 – мамыр Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні деп жарияланғалы қашан, бірақ, көптеген ғалым тарихшыларымыз, оның ішінде Талас Омарбеков ағамыз айтып кеткендей бұл күнді Ұлттық қасірет күні, саяси қуғын-сүргін мен ашаршылық құрбандарын еске алу күні деп жарияласа, ағамыз айтып өкендей ескерткіштер тек бір тас, тақта формасында ғана емес толық ансамбль ретінде орнатылса деген пікірімен толығымен келісер едім.

Әдебиеттер тізімі

1. Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы: құттықтаулар, баяндамалар, тілектер, өлең-жырлар. – Алматы: Атамұра – Қазақстан, 1993. – 37 –бет.
2. Қойгелдиев М., Омарбеков Т. Тарих тағылымы не дейді? // Ана тілі. – Алматы, 1993. – 106-123 бб.
3. Т. Омарбеков. Голодомор в Казахстане: причины, масштабы и итоги (1930-1933гг.) Хрестоматия. Алматы, «Қазақ университеті» 2011 5б.
4. Казахстанская правда. – 1992. – 22 декабря.
5. Қойгелдиев М., Омарбеков Т. Тарих тағылымы не дейді? 2016б.
6. Т. Омарбеков. Голодомор в Казахстане: причины, масштабы и итоги (1930-1933гг.) Хрестоматия. Алматы, «Қазақ университеті» 2011 12-20бб.
7. <https://turkystan.kz/article/61491-talas-omarbekov-b-kil-aza-bir-tamyrdan-tara-an/> кіру мерзімі: 29.09.2022.
8. Т. Омарбеков. Голодомор в Казахстане: причины, масштабы и итоги (1930-1933гг.) Хрестоматия. Алматы, «Қазақ университеті» 2011 12-20бб.
9. Казахстанская правда. – 1992. – 22 декабря.
10. Омарбеков Т. Зобалаң (күштеп ұжымдастыруға қарсы 1929-1931 жылдардағы халық наразылықтары, Алматы: Санат, 1994).
11. <https://egemen.kz/article/169568-asharshylyq-sebepteri-saldary> 22.09.2022.
12. <https://turkystan.kz/article/55764-aza-standa-y-asharshyly-s-rapyl-z-lmat-a-berilgen-sayasi-ba-a/> 30.09.2022.
13. <https://turkystan.kz/article/55764-azastanda-y-asharshyly-s-rapyl-z-lmat-a-berilgen-sayasi-ba-a/> 30.09.2022.

References

1. Dūniejūzi qazaqtarynyñ qūryltaiy: qūttyqtaular, baiandamalar, tilekter, öleñ-jyrlar. – Almaty: Atamūra – Qazaqstan, 1993. – 37 –bet.
2. Qoigeldiev M., Omarbekov T. Tarih tağylymy ne deidi? // Ana tılı. – Almaty, 1993. – 106-123 bb.
3. T. Omarbekov. Golodomor v Kazahstane: prichiny, masštaby i itogi (1930-1933gg.) Hrestomatia. Almaty, «Qazaq universiteti» 2011 5b.
4. Kazahstanskaia pravda. – 1992. – 22 dekabrä.
5. Qoigeldiev M., Omarbekov T. Tarih tağylymy ne deidi? 201bb.
6. T. Omarbekov. Golodomor v Kazahstane: prichiny, masštaby i itogi (1930-1933gg.) Hrestomatia. Almaty, «Qazaq universiteti» 2011 12-20bb.
7. <https://turkystan.kz/article/61491-talas-omarbekov-b-kil-aza-bir-tamyrdan-tara-an/> kırı merzımı: 29.09.2022.
8. T. Omarbekov. Golodomor v Kazahstane: prichiny, masštaby i itogi (1930-1933gg.) Hrestomatia. Almaty, «Qazaq universiteti» 2011 12-20bb.
9. Kazahstanskaia pravda. – 1992. – 22 dekabrä.
10. Omarbekov T. Zobalañ (küštep űjymdastyruğa qarsy 1929-1931 jyldardağy halyq narazylyqtary, Almaty: Sanat, 1994).

11. <https://egemen.kz/article/169568-asharshylyq-sebepteri-saldary> 22.09.2022.
12. <https://turkystan.kz/article/55764-aza-standa-y-asharshyly-s-rapyl-z-lmat-a-berilgen-sayasi-ba-a/> 30.09.2022.
13. <https://turkystan.kz/article/55764-azastanda-y-asharshyly-s-rapyl-z-lmat-a-berilgen-sayasi-ba-a/> 30.09.2022.

Материал 03.11.22 баспаға түсті.